




Social Media Guide



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ КОНТЕНТІ



aqdidarm



aqdidarm@gmail.com



БРЕНДИНГ МАҢЫЗЫ



қаріптер

екі түрлі шрифт таңдаңыз: бірі — тақырыпқа, екіншісі — негізгі мәтінге. қарапайым, көзді шаршатпайтын болсын.



ЛОГОТИП

фон мен логотип бір-біріне қарама-қайшы болуға тиіс. тым үлкен болмауы керек. түрлі-түсті емес, ақ-қара нұсқасын қолданыңыз.



визуал рөлі

бұған логотип, түстер палитрасы және қаріптер жатады. брендті бір көргеннен танытуыңыз керек.



түстерді таңдау


дизайн жасау қиын болса, ақ фон + қара мәтін + 1 акцент түс формуласын қолданыңыз.



стандарт жасаңыз

оқырманның көзі шаршамай, ақпаратты оңай қабылдауы үшін стандарт болуы керек.





СТАНДАРТ: МӘТІН



тақырып

қысқа әрі қызық болсын, ұзақ тақырып оқылмайды. негізгі ойды бірден айтыңыз. оқырман бір қарағанда не туралы екенін түсінуі керек.




кіріспе

қысқа, оқуға жеңіл, назар аудартатын болсын. кілт сөздер қосыңыз, іздеу жүйесіне әсер етеді. әрекетке шақырыңыз, сұрақ қойыңыз.




СИМВОЛ

мәтінді 400-500 символдан аспайтындай етіп жоспарлаңыз. оқуға жеңіл болуы керек, визуал элементке орын қалдырыңыз.




СТАНДАРТ: ПОСТ




ДИЗАЙН

бірзді стиль болсын [1-2 негізгі түс пен шрифт], бірінші бет назар аудартуға тиіс, үйлесімді түстер таңдаңыз, бір стильді сақтаңыз. safe zone болсын, мәтінді тым шетке қоймаңыз.




ШРИФТ

sans-serif [құйрығы жоқ] шрифт қолданыңыз, тым жалпақ болмасын. әріптердің арасы сәл ашық болсын, тым жақын болса, жабысып, дұрыс оқылмай қалады.



МӘТІН

тақырыпты caps lock-пен жазыңыз, анық көрінсін. өлшемін тым кішірейтіп жібермеңіз. italic-ті (қиғаш) біреудің айтқан сөзін көрсету үшін немесе бір сөзге акцент беру үшін қолданыңыз.




СТАНДАРТ: REELS




стандарт

видеода лого, субтитр, спикер титрі, дереккөз нақты бір орында тұруы керек, бұл уақытты үнемдейді. әр видео бір стильде, кәсіби көрінеді, брендті тануға мүмкіндік береді.



субтитр

адамдардың 70-80% видеоны дыбыссыз көреді, бұл алгоритмге де пайдалы. субтитр оқылатын болуы керек. ұзақ сөйлем болса, бөліңіз, 1-2 жолдан аспасын.



элементтер

элементтерді қызыл шаблонмен [safe zone] тексеріп алыңыз. тым шетке шығып кетпесін. спикер сөзі болса, алдына үлкен сызықша [—] қою керек.



МУЗЫКА

 **музыка неге керек?**

контенттің эмоциясын беретін негізгі элемент, сондықтан дұрыс таңдаңыз.

 **авторлық құқық**

тегін музыка қолданыңыз, авторлық сақталмаса, видеоға тыйым салуы мүмкін немесе дыбысын өшіріп тастайды.

 **көңіл-күй [mood]**

мұңды, көңілді, динамикалық музыка видео тақырыбына сәйкес болуы керек. кадр мен ритмге сай музыка таңдаңыз.


 **дыбыс деңгейі**

дыбыс деңгейі біркелкі болуы керек. спикер болса, сөзі анық естілуі үшін музыканы бәсеңдету керек.





ЛОГОТИП НЕ ҮШІН КЕРЕК?



авторлық

логотиптің басты міндеті — материалдың кімге тиесілі екенін көрсету. авторлық белгі болмаса, кез келген адам материалды көшіріп, өз атынан жариялай алады.

дереккөз

авторлық белгі болса, оқырман «мына ақпарат қай медиадан шықты?» деген сұраққа бірден жауап алады. атауы арқылы іздеп, бұрынғы материалдарын да қарайды.

ескерту!

басқа медианың материалын қолданғанда логотип немесе парақша атауы бар болса, оны өшіру немесе көрсетпей жариялау авторлықты бұзу болып саналады.



CALL TO ACTION



неге маңызды?

көрерменді нақты іс-әрекет жасауға итермелейсіз. engagement [лайк, пікір, бөлісу] өсуге әсер етеді.



пікір жазу, тарату

пікірлер арқылы видео алгоритмге көрінеді, оны басқа адамдарға да ұсынады. көп адам таратса, парақшаның танымалдығын арттырады.




назар аудару

кіріспеде немесе слайдтың/видеоның соңында жазыңыз, мысалы, «толығырақ сайтымыздан оқыңыз», youtube арнамыздан көріңіз» деп.





ПІКІРГЕ ЖАУАП БЕРУ



алгоритм

сіз пікірге жауап берсеңіз, оның саны екі есе артады.

аудиториямен байланыс

пікір қалдыруды сұрап, оларға жауап беріңіз, пікір алаңын белсенді етіңіз.

не жазу керек?

«Пікіріңізге рахмет! Біз үшін бұл маңызды», «Пікіріңізге рахмет! Бізге тіркеліп алыңыз», «Қолдауыңызға рахмет! Қызық болса, тіркеліп қойыңыз, айтарымыз әлі көп».



ЖИ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ



белгі

сурет, видео жи арқылы жасалған болса, оны ашық көрсету керек. мысалы: фото/видео «жи көмегімен жасалған».



қосымша құрал

негізгі ақпарат пен кадр тексерілген болуы керек. жи-ді қосымша құрал ретінде қолданыңыз: графика, визуал эффект, элемент үшін.




этика

манипуляциялық немесе оқырманды шатастыратын жи материалды қолданбаңыз. олар жалған түсінік тудырады. визуал сапалы, нақты әрі түсінікті болсын.






ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?



- ✓ алгоритмге әсері бар.
- ✓ есте сақталасыз.
- ✓ аудитория үйренеді.
- ✓ статистиканы талдауға керек.

- ✓ сапа артады, дағдыларыңыз жақсарады.
- ✓ сенім, қызығушылықпен қалыптасады.
- ✓ оқырманды ұстап қаласыз.
- ✓ назарды өзіңізге аударасыз.

- ✓ нақты нәтиже береді.
- ✓ белсенді аудиторияңыз болса, брендтер үшін қызықты боласыз.





ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

контент-жоспар

жоспар болмаса, сапасыз материал көбейеді / жұмыс мүлде тоқтап қалады. нақты бір мақсатқа жетелейтін жүйелі жоспар қажет.

контентті түрлендіру

бір оқпен үш қоян атыңыз. көлемді тақырып болса, әр форматтың (рилс, карусель, Threads-те пост) ерекшелігіне қарай бейімдеңіз.

визуал шаблондар

дизайнға кететін уақытты үнемдеу керек. карусель пост пен сториске дайын шаблондар болсын. нөлден бастамай-ақ, мәтінді өзгертіп қана материалды тез шығара аласыз.



THREADS



тұрақтылық

күніне кемінде 1 рет қысқа пост шығарып тұрыңыз, мұнда визуалға көп бас қатырмайсыз. 2-3 сөйлеммен түсіндіріңіз.



пікірталас тудыру

сұрақ қойып, адамдардың пікірін сұраңыз. неғұрлым көп пікір жазылса, соғұрлым көп адамның лентасына шығасыз.



назар аудару

жарнамаға ақша шығындамай-ақ, жаңа аудитория тауып, оларды басқа платформаларыңызға бағыттай аласыз: «толығырақ youtube-арнамыздан көріңіз».





жаңа аудиторияға тегін шығу

екі тарапқа да пайдалы стратегия.
жаңа аудиторияға шығудың ең
жылдам жолы.



ресурсты үнемдеу

контент істеу жүгі жеңілдейді
[біріңіз мәтінін, біріңіз дизайнын
алыңыз].



репутацияға әсері

оқырман мен болашақ жарнама
берушілер алдындағы сенімге
әсер етеді.

КОЛЛАБОРАЦИЯ НЕ ҮШІН КЕРЕК?





**ол
не үшін
керек?**

оқырманға «не болғаны» ғана емес, оның «қалай ұсынылғаны» да маңызды. ол үшін талғам қалыптастыру керек.



**идея
іздеу**

қандай формат, стиль немесе мәтін түрі өтімді екенін бақылап, оқырманға қызықты ету тәсілін үйренесіз.



**тәжірибе
жинау**

біреудің жұмысын дәл көшірмеңіз, оны өзгертіп, жаңа форматта ұсыныңыз.



**бақылау
маңызы**

жаңа трендтерді біліп жүресіз, тақырыптарыңызға идея аласыз.

КӨП КОНТЕНТ КӨРІҢІЗ





ҰСЫНЫС:



the economist

күрделі деректерді motion graphics арқылы қарапайым әрі түсінікті көрсетеді. визуал үнемі ауысып отырады, жалықтырмайды.

башта

видеоларында динамика бар, басы [hook] қызық басталады, қарапайым мысалдармен түсіндіреді. мәтінді визуалмен көрсетеді.

қазақ бабыл / '98mag

карусель жазбаларындағы дизайны түсінікті, үйлесімді. қаріптер мен композицияны сақтайды.

ҰСЫНЫС:



design with canva

youtube-тегі бұл арнадан canva-ның мүмкіндіктерін қарапайым деңгейден үйрене аласыз. анимация функциясын қолдануды жеңіл түсіндіреді.





дәрежесіз

Пәленше Түгенше қызметі

субтитр субтитр субтитр
субтитр субтитр субтитр

ПАРАҚШАНЫҢ АТЫ

дәрежесіз: дәрежесіз, дәрежесіз

Пәленше Түгенше қызметі

субтитр субтитр субтитр

ПАРАҚШАНЫҢ АТЫ

дәрежесіз: дәрежесіз, дәрежесіз

Пәленше Түгенше қызметі

субтитр субтитр субтитр



ВИДЕОҒА КАВЕР ФОТО ЕРЕЖЕСІ:

толық сурет өлшемі: 1080 × 1920 [9:16].

көрінетін аймақ [қауіпсіз зона]: 1080 × 1350 [4:5]. мәтін, логотип, фото осы аймақта анық көрінуі керек.

астыңғы және үстіңгі бөлігі парақшаны ашқандағы бірінші бетте көрінбей қалады.





кавер фото (обложка) жасау үшін сапва-дағы дайын шаблондарды пайдаланып көріңіз немесе қарапайым дизайнмен істеп көріңіз.

алдымен стильді таңдаңыз, кейін өз брендингіңізге сәйкес түстерін бірізді етіп реттеңіз.

мәтінге қазақша оқылатын қаріп таңдаңыз. тақырып анық көрінсін.










САРСУТ-ТА СУБТИТР ҚОЮ:



ҚАЗАҚША ОҚЫЛАТЫН ШРИФТ ТАҢДАҢЫЗ:

GOTHAM
INTER-SB
SONA
OPEN SANS








субтитрді басынан қайта жазбаңыз.

дайын мәтінді көшіріп (copy), тура алдыңғы мәтіннің жанына қойыңыз.

арасына бос орын қалдырмаңыз.




мәтін бір стильде, бір деңгейде тұруы керек.



спикер титрі экранның сол жағынан басталсын. шетіне жабысып қалмасын, қауіпсіз аймақта тұрсын.



анимацияны дұрыс таңдаңыз, өте динамикалық эффекттер қолданбаңыз. бас жағы мен аяқ жағы бір стильде болсын.

жылдамдығын реттеңіз, тым жылдам болып кетпесін. аты-жөні — қалың қаріппен, қызметі — жұқа қаріппен жазылсын.



видео басына тақырып, яғни титр қою үшін сарсұт-та арнайы шаблондарды қолдануға болады.

өз стиліңізге сай шаблонды таңдаңыз, кейін оның қаріптерін, түстері мен өлшемін өзгертіп, форматыңызға бейімдеңіз.





**КОНТЕНТІНІЗ
ДАМИ БЕРСІН!**

